

«№5 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
ББЖМ бойынша ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу
мақсатында өткізілген жиналыстың
хаттамасы №1

Күні: 11.03.2022 ж
Барлығы: 63
Қатысқаны : 58
Қатыспағаны: 5

Абай ауылы

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар жиналысында ББЖМ-ға дайындық бойынша нормативтік құжаттармен таныстыру, өткізілу, ұйымдастыру барысы – ДОДЖО Н.Білял

Тыңдалды :

1-ші мәселе бойынша ДОДЖО Н.Білял сөз сөйледі. Білім алушылардың білім жетістігін мониторингінің өткізу мақсатымен және ББЖМ-ға байланысты нормативтік құжаттармен таныстырды. 9-сыныптарда ББЖМ білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда көзделген, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау мақсатында өткізіледі. ББЖМ білім алушылар білім алып жатқан білім беру ұйымдарының базасында, яғни мектептерде өткізіледі. ББЖМ 4-9сыныпта жыл сайын уәкілетті орган айқындайтын үш бағыт бойынша жүргізіледі. Ол бағыт: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану бағыты. Жалпы тестілеу уақыты - 70 минут (1 сағат 10 минут). Жалпы тапсырма саны – 30. Әр пән бойынша тест тапсырмасының саны – 8-10. Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырма үшін - 0 балл беріледі. Жалпы максималды балл - 30 балл болады. Тест орта білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес оқу материалдарын қамтиды.

Аптасына ББЖМ бойынша түсетін пәндерге бекітілген кесте бойынша дайындық сабақтары сабақтан тыс уақытта жүргізіледі және тақырыптық тесттер алынатыны ата-аналарға айтылды. Мектепте аптасына бір рет көмек көрсету, тестілеу технологиясымен хабардар ету, жауап парақтарын дұрыс толтыру, жалпы оқушыны тестілеуге дайындау мақсатында байқау сынағы алынады.

Тестілеу кезіндегі оқушының тәртіп сақтау ережесімен таныстырылды:

- ✓ бір орыннан екінші орынға ауысуға;
- ✓ БСБД және уәкілетті Министрлік өкілінің рұқсатынсыз тестілеу материалдарын ашуға;
- ✓ тестілеу материалдарын басқа оқушының материалдарымен айырбастауға;
- ✓ калькуляторды, анықтамалық әдебиеттерді, электрондық жазба кітапшаларын, байланыс құралдарын пайдалануға;
- ✓ басқа оқушылармен сөйлесуге және көшіруге, шпаргалка және басқа да анықтамалық материалдарды қолдануға;
- ✓ БСБД және уәкілетті Министрлік өкілінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға.

Шешімі:

1. Оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуын қадағалау ата – аналарға тапсырылсын.
2. Алынған сынама жұмыстарының нәтижесі ата-аналарға таныстырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Г.Сүлейменова

Хатшы:

Л.Абдеева